

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің (қаржы полициясы), Кедендік бақылау агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаев

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын, Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, инвестициялық саясатты іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік саланы, инфрақұрылым мен жаңа технологияларды дамыту, мемлекеттік органдарды акпараттандыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік материалдық резервтер, экспорттық бақылау және жұмылдыру жұмысы мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

Мемлекеттік даму институттарының (Қазақстанның Даму Банкі, Инвестициялық қор, Инновациялық қор, Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация және басқалары) қызметін үйлестіру.

Индустрия және сауда министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттіктің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Статистика жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімов

Экономиканы жедел басқару, өңірлік саясат, ауылдық аумақтарды дамыту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру мәселелері.

Мемлекеттік органдардың халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Төтенше жағдайлар, экология, туризм мен спортты дамыту, көші-қон және демография саясаты мәселелері.

Әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у .

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңсесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталары аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдардың білім беруді, ғылымды, ақпаратты, мәдениет пен денсаулық сақтауды дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Білім және ғылым министрлігінің, Ақпарат министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.